

Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарды бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 қаңтардағы № 13 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 12 ақпанда № 18290 болып тіркелді.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 6-т. қараңыз

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Кіріспе жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.12.2024 № 87 (ресми жарияланған күнінен кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 47-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.10.2024 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптар (бұдан әрі - Талаптар) бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) "Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 6 мамырдағы № 76 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9529 тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2014 жылғы 2 шілдеде жарияланған);

2) "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне сақтандыру қызметін реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 30 мамырдағы № 127 қаулысымен бекітілген, Өзгерістер енгізілетін Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметін реттеу мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілері тізбесінің 22-тармағының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14277 тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 24.10.2016 ж. жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Банктік емес қаржы ұйымдарын реттеу департаменті (Көшербаева А.М.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 4-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ж.Б. Құрмановқа жүктелсін.

6. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 12.09.2019 № 157 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ұлттық Банк Төрағасы

Д. Ақышев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігінің

Статистика комитеті

2019 жылғы "___" _____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
2019 жылғы 31 қаңтардағы
№ 13 қаулысымен
бекітілді

Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне олардың құрылымына қойылатын талаптар

1-Тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптар (бұдан әрі – Талаптар) "Сақтандыру қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және "жалпы сақтандыру" саласының және "өмірді сақтандыру" саласының міндетті және ерікті сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарды белгілейді.

Талаптар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, соның ішінде исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарына, Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру ұйымдарының филиалдарына және Қазақстан Республикасының бейрезидент-исламдық сақтандыру ұйымдарының филиалдарына қолданылады.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.02.2023 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Талаптардың мақсаттары үшін мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) актуарлық әдістер – сақтандыру резервтерін есептеген кезде актуарий пайдаланатын экономикалық-математикалық есептеу әдістері;

2) апаттық тәуекел – баға белгілеу кезінде қолданылатын жорамалдардың айтарлықтай белгісіздігінен және төтенше және айрықша оқиғалар үшін резервтерді қалыптастырудың нәтижесінде сақтандыру міндеттемелерінің құнын жоғалту немесе қолайсыз өзгерту тәуекелі;

3) болжамды төлемдер – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пайда алушының кәсіби еңбекке жарамдылығын жоғалту дәрежесін (бұдан әрі – КЕЖЖ дәрежесі) ұзартуға (қайта куәландыруға) немесе Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Ерекше бөлім) 940-бабына сәйкес (бұдан әрі – Азаматтық кодекс) қызметкердің қайтыс болуы салдарынан залал шеккен адамдарға зиянды өтеумен байланысты міндеттемесі;

4) есептеу күні – сақтандыру резервтері есептелетін күн;

5) ең төмен депозит сыйлықақысы (депозит сыйлықақысы) – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының талаптары олардың қайтарылмауы көзделетін сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша төленуге тиіс ақша сомасы;

6) еңбек сіңірілмеген сақтандыру сыйлықақысы – сақтандыру сыйлықақысының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыруды қорғау қолданылатын кезеңнің есептеу күнгі жағдай бойынша қалған кезеңіне қатысты бөлігі;

7) индекстеу мөлшерлемесі – сақтандыру төлемінің мөлшерін жоғарылататын мөлшерлеме;

8) келтірілген күтілетін құны – сақтандыру сыйлықақыларының (сақтандыру жарналарының) не сақтандыру төлемдерінің, не шығыстардың пайыздық мөлшерлемесі және сақтандыру сыйлықақысының (жарналарының) есептелу күні мен түсу күні не сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша өлім, мүгедектік, науқас болу ықтималдығы және солардың негізінде есептелген адамдардың болашақ өмір сүру ұзақтығымен байланысты шамалар қамтылатын кестелер (бұдан әрі – өлім-жітім, науқастық, мүгедектік кестелері) пайдаланыла отырып, сақтандыру төлемін жүзеге асыру күні арасындағы уақыт кезеңі ескеріле отырып есептелген (дисконтталған) күтілетін (ықтимал) құны;

9) келтірілген шығындар – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жүзеге асырылған төлемдерінің және мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындарының сомасы;

10) мәлімделген, бірақ реттелмеген шығын – сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) жазбаша нысанда не Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заңдарында және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) шартында көзделген тәртіппен сақтандыру төлемі жүзеге асырылмаған немесе толық көлемде жүзеге асырылмаған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына сақтандыру оқиғасы және (немесе) сақтандыру жағдайы басталғаны туралы және (немесе) сақтандыру төлемін жүзеге асыру бойынша мәлімделген талап;

11) нетто-сыйлықақы (бөліп төлеу кезіндегі нетто-жарналар) – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы өзінің тек қана сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының өзге шығыстарын өтеу ескерілмей сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша міндеттемелерді қабылдағаны үшін төленуге тиіс ақша сомасы;

12) резервтік базис – өмірді сақтандыру және аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру резервтерінің шамасына әсер ететін өлшемдер мәндерінің жиынтығы;

13) сақтандыру залалын реттеу жөніндегі шығыстар – сақтандыру жағдайына қатысты туындаған сақтандырушының мүліктік мүддесіне келтірген залалдың (зиянның) көлемін бағалауға және оны азайтуға байланысты сараптама, консультациялық және өзге сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қажетті ақша сомасы;

14) сақтандыру оқиғасы – Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заңдарына және (немесе) сақтандыру (қайта сақтандыру) шартына сәйкес кейін сақтандыру жағдайы болып танылу ықтималдылығы бар оқиға;

15) сақтандыру резервтері – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының Талаптарға сәйкес актуарлық есеп айырысулар негізінде бағаланатын сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша міндеттемелері;

16) қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесі – есептеу күнгі жағдай бойынша қайта сақтандырушының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша міндеттемелерінің бөлігі;

17) сақтандыру сыйлықақысы – сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы;

18) таза сақтандыру сыйлықақысы – қайта сақтандырушының үлесі ескерілмеген сақтандыру сыйлықақысы;

19) тарифтік базис – өмірді сақтандыру және аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру тарифтерінің шамасына әсер ететін өлшемдер мәндерінің жиынтығы.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.02.2023 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-Тарау. Сақтандыру резервтерін есептеу үшін қажетті ақпаратқа қойылатын талаптар

3. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру резервтерін әрбір сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша және (немесе) әрбір сақтандыру сыныбы бойынша және (немесе) әрбір мәлімделген, бірақ реттелмеген шығын бойынша Талаптардың 5-тармағында көзделген сақтандыру резервінің түріне қарай жеке-жеке қалыптастырады. Сақтандыру резервтерін есептеу кейінгі тәуекелдерді қайта сақтандыруға қарамастан, барлық жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы қабылдайтын міндеттемелер көлемі ескеріле отырып жүргізіледі.

Актуарий сақтандыру резервтерін есептеуді сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есептілігінде қамтылған ақпарат және өзге де ақпарат негізінде жүзеге асырады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.03.2020 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-1. Сақтандыру резервтерін есептеу нәтижелері оның сұрау салуы бойынша қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) және Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19927 болып тіркелген "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен сақтандыру брокері есептілігінің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін және оны ұсыну қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 275 қаулысымен белгіленген нысан бойынша ұсыну кезеңділігі мен мерзімдеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне беріледі.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. Актуарий есептік тоқсаннан кейінгі айдың 10 (оныншы) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қағаз тасымалдағышта еркін нысанда сақтандыру резервтерін есептеу негіздемесін жасайды, оған актуарий қол қояды және сақтандыру ұйымында сақталады.

Сақтандыру резервтерін есептеу негіздемесінде:

әрбір өлшем бойынша негіздемелер қоса берілген резервтік базистің өлшемдері;

басталу кезеңдерін есептеуде ескерілетін шығындар саны, шығындардың мерзімділігі, шығындардың дамуы коэффициентін таңдау, ірі шығындарды деңгейлестіру, Талаптардың 16-тармағына сәйкес қосымша міндеттемелер мен түзету коэффициентін есептеу бойынша ақпаратты жазумен, орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві (бұдан әрі – ОМШР) мен орын алған, бірақ әлі мәлімделмеген шығындар резервін (бұдан әрі – ОӘМШР) есептеу әдісін таңдау бойынша негіздеме;

мәлімделген талаптар бойынша сақтандыру төлемдерінің мөлшерін қарауға және реттеуге байланысты болжамды шығыстардың сомалары бойынша негіздеме;

ірі мөлшердегі шығындарды анықтау бойынша негіздеме (бар болса);

Талаптардың 22-тармағына сәйкес төленген талаптардың орташа (орташа нарықтық) мәнін есептеу кезінде ескерілетін зиянды түзету бойынша негіздеме (олар есепті кезеңде болған кезде);

Талаптардың 11-1 және 15-тармақтарына сәйкес полистер бойынша шығындылық коэффициентін, актуарлық әдістермен ОМШР және (немесе) ОӘМШР есептеу кезінде шығынды түзету бойынша негіздеме (олар есепті кезеңде болған кезде);

орын алған, бірақ әлі толық мәлімделмеген шығындар резервін (бұдан әрі – ОТМШР) есептеу кезінде қолданылатын қайта өтіну ықтималдылығын анықтау бойынша негіздеме;

сақтандыру резервтерін қалыптастыру кезінде көзделмеген жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қосымша тәуекелдерді есептеу күніне туындауына байланысты сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы міндеттемелері сомасының негіздемесі және есебі;

шығындар резервтерінің барабарлығына, оның ішінде әрбір сақтандыру сыныбы бойынша жеке-жеке және жалпы алғанда сақтандыру портфелі бойынша соңғы 12 (он екі) айдағы деректер негізінде ретроспективті талдауға жүргізілген тест нәтижелері;

сақтандыру резервтерінің жеткіліктілігі (жеткіліксіздігі) туралы қорытындылар және сақтандыру резервтері жеткіліксіз болған жағдайда жеткіліксіздік себептерін талдау;

сақтандыру сыйлықақыларының 80 (сексен) пайызынан астам беру көзделетін қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесін қалыптастырған кезде – Талаптардың 53-тармағында көзделген, өкілеттіктеріне қайта сақтандыру бөлімшесінің мәселелеріне жетекшілік ету кіретін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының басшы қызметкері қол қойған қайта сақтандырушының (қайта

сақтандырушылардың) растауының болуы туралы қайта сақтандыру бөлімшесінің қорытындысы;

сақтандыру резервтерін және қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесін есептеу кезінде актуарий пайдаланған өзге болжамдар мен жорамалдар, сондай-ақ актуарийдің пікірі бойынша негіздемеде көрсету үшін қажет мәліметтер болады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-Тарау. Сақтандыру резервтерінің құрылымы

5. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қалыптастыруы міндетті сақтандыру резервтері мыналарды қамтиды:

1) еңбек сіңірілмеген сыйлықақылар резерві (бұдан әрі – ЕСР) – есептеу күнінен кейінгі сақтандыру қорғаудың қолданысы кезеңіне қатысты, келесі есепті кезеңдерде туындауы мүмкін төлемдерді қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелерді орындауға арналған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының (жарналарының) бөлігі (еңбек сіңірілмеген сыйлықақы);

2) орын алмаған шығындар резерві (бұдан әрі - ОАШР) – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есептеу күні орын алмаған сақтандыру жағдайлары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелері;

3) шығындар резервтері:

ОМШР – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есепті кезеңде немесе оның алдындағы кезеңдерде орын алған, басталуы фактісі туралы Қазақстан Республикасының заңында немесе шартта белгіленген тәртіппен сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен есепті кезеңде немесе оның алдындағы кезеңдерде мәлімделмеген сақтандыру жағдайларына байланысты туындаған шығындарды реттеу бойынша шығыстарды қоса алғандағы сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелерінің бағалауы болып табылады;

мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар резерві (бұдан әрі - МРШР) – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының есеп беру күніне шығындарды реттеуге шығыстарды қоса алғандағы сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша орындалмаған немесе толық орындалмаған міндеттемелерінің бағалауы болып табылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

6. Сақтандыру шарты бойынша ЕСР, ОАШР, МРШР есептеу кезінде және сақтандыру сыныбы бойынша ОМШР есептеу кезінде теріс мәнді сақтандыру резервтерінің қорытынды мәндері нөл мәнді қабылдайды.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.03.2020 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4-Тарау. "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру резервтерін есептеу

7. ЕСР есептеу әрбір сақтандыру шарты бойынша жеке жүргізіледі.

8. ЕСР шамасын есептеу үшін пропорция әдісі қолданылады.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

9-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.12.2024 № 87 (ресми жарияланған күнінен кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Пропорция әдісі бойынша ЕСР әрбір шарт бойынша есептелген еңбек сіңірілмеген сыйлықақыларды қосу арқылы анықталады.

Пропорция әдісімен еңбек сіңірілмеген сыйлықақы әрбір шарт бойынша есепті күні сақтандырып қорғаудың аяқталмаған қолданылу мерзімінің (күндермен) сақтандырып қорғаудың қолданылуы басталған күннен бастап сақтандырып қорғаудың қолданылуының соңына дейін сақтандырып қорғаудың қолданылу мерзімі (күндермен) қатынасына шарт бойынша сақтандыру сыйлықақының көбейтіндісі ретінде айқындалады:

$$ЕСР = СС \times \left(\frac{T_1 - T_2}{T_1} \right)$$

СС – сақтандыру сыйлықақысы;

T1 – сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандырып қорғаудың қолданылуы басталған күннен бастап сақтандырып қорғаудың қолданылуының соңына дейін сақтандырып қорғау қолданылатын күндер саны (егер сақтандырып қорғаудың қолданылу күні сақтандыру шарты күшіне енген күннен ерте басталған жағдайда – сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша сақтандырып қорғаудың қолданылуының соңына дейінгі күндер саны);

T2 – сақтандырып қорғаудың қолданылуы басталған сәттен бастап есептеу күніне дейін (қоса алғанда) сақтандырып қорғаудың қолданылуы аяқталған күндер саны (егер сақтандырып қорғаудың қолданылуы басталған күн сақтандыру шарты күшіне енген

күннен ерте басталған жағдайда – сақтандыру шарты күшіне енген сәттен бастап есептеу күніне дейін (қоса алғанда) өткен сақтандырып қорғаудың қолданылу күндерінің саны).

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.10.2024 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

10. ОМШР есептеу әрбір сақтандыру сыныбы бойынша жеке жасалады. ОМШР жалпы шамасы барлық сақтандыру сыныптары бойынша есептелген ОМШР қосу арқылы анықталады.

11. ОМШР есептеу мынадай актуарлық әдістермен жүзеге асырылады:

1) Тізбекті баспалдақ әдісі бойынша инфляцияға түзетусіз әдісі Талаптарға 9-қосымшасы бойынша Тізбекті баспалдақ әдісі бойынша инфляцияға түзетусіз орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін есептеуіне және Тізбекті баспалдақ әдісі бойынша инфляцияға түзетумен әдісі Талаптарға 10-қосымшасы бойынша Тізбекті баспалдақ әдісі бойынша инфляцияға түзетумен орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін есептеуіне сәйкес.

Тізбекті баспалдақ әдісі - есепті кезеңде немесе есепті кезең алдыңғы кезеңдерде болған сақтандыру жағдайлар бойынша сақтандырушының сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша міндеттемелерді бөлу әдісі.

Тізбекті баспалдақ әдісіндегі сақтандырушының міндеттемелерін бөлу сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының төлемдерімен (төленген шығындарымен) немесе келтірілген шығындарымен жасалынады.

Инфляцияға түзетумен тізбекті баспалдақ әдісіндегі төлемдер (төленген шығындар) немесе келтірілген шығындар инфляция көрсеткішіне ұлғаяды;

2) Борнхьюттера-Фергюсон (Bornhuetter-Ferguson) әдісі Талаптарға 11-қосымшасы бойынша Борнхьюттера-Фергюсон (Bornhuetter-Ferguson) әдісімен орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін есептеуіне сәйкес.

Борнхьюттера-Фергюсон әдісі төлемдермен (төленген шығындармен) немесе келтірілген шығындармен және келешектегі шығындардың күтілетін шамасын анықтау арқылы есептелетін тізбекті баспалдақ әдісімен негізделеді.

Келешектегі шығындардың күтілетін шамасы еңбек сіңірілген сыйлықақының және Талаптарға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндеттемелерді бөлу кезінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен ескерілетін шығындар басталу кезеңінің алдындағы аяқталған қаржы жылдары бойынша есептелген полистер бойынша шығындылық коэффициентінің орташа мәнінен кем емес мөлшерін құрайтын шығындылық коэффициентінің көбейтіндісіне тең.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 12.09.2019 № 157 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11-1. Полистер бойынша шығындылық коэффициенті сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақыларына келтірілген шығын шамасының, оның ішінде шығынды реттеу бойынша, тиісті қаржы жылында күшіне енген аталған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша шығыстың қатынасы ретінде есептеледі.

Полистер бойынша шығындылық коэффициентін есептеу кезінде шығындарды реттеу жөніндегі шығыстарды қоса алғанда, келтірілген залалдар және еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақылары есепті күнге дейін аяқталған қаржы жылдары бойынша ескеріледі.

Сақтандыру резервтерін есептеу кезінде қолданылатын полистер бойынша шығындылық коэффициентін есептеу кезінде актуарий қажет болған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша ірі болып табылатын шығынды түзету жүргізеді.

Ескерту. 11-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 12.09.2019 № 157 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

12. Шығын келтірілгенде актуарийдің тарапынан сақтандырушының келтірілген шығындарға қатысты міндеттемелерін бөлген жағдайда актуарлық әдіспен ОМШР есептеген кезде Талаптарға 9-қосымшасы бойынша Тізбекті баспалдақ әдісі бойынша инфляцияға түзетусіз орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін есептеуінің жинақталған шығын кестесі Талаптарға 12-қосымшасы бойынша Есепті күнге келтірілген залалдар негізінде жинақталған шығындардың кестесіне сәйкес мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың және жинақталған шығындар үшбұрышын жасау үшін пайдаланатын шығындар басталу әр кезеңінің аяғына жинақталған төлемдер шамасын (төленген шығындар) қосу арқылы құрылады.

Шығын келтірілгенде актуарийдің тарапынан сақтандырушының келтірілген шығындарға қатысты міндеттемелерін бөлген жағдайда актуарлық әдіспен ОМШР есептеген кезде Талаптарға 10-қосымшасы бойынша Тізбекті баспалдақ әдісі бойынша инфляцияға түзетумен орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін есептеуінің жинақталған шығын кестесі Талаптарға 12-қосымшасы бойынша Есепті күнге келтірілген залалдар негізінде жинақталған шығындардың кестесіне сәйкес мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың және жинақталған шығындар үшбұрышын жасау үшін пайдаланатын шығындар басталу әр кезеңінің аяғына жинақталған төлемдер шамасын (төленген шығындар) қосу арқылы құрылады.

Шығын келтірілгенде актуарийдің тарапынан сақтандырушының келтірілген шығындарға қатысты міндеттемелерін бөлген жағдайда актуарлық әдіспен ОМШР есептеген кезде Талаптарға 11-қосымшасы бойынша Борнхьюттера-Фергюсон (

Bornhuetter-Ferguson) әдісімен орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін есептеуінің жинақталған шығын кестесі Талаптарға 12-қосымшасы бойынша Есепті күнге келтірілген залалдар негізінде жинақталған шығындардың кестесіне сәйкес мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың және жинақталған шығындар үшбұрышын жасау үшін пайдаланатын шығындар басталу әр кезеңінің аяғына жинақталған төлемдер шамасын (төленген шығындар) қосу арқылы құрылады.

13. Егер есепті күні ОМШР мәні алдыңғы есепті күнмен салыстырғанда 30 (отыз) пайызға астам төмендеуі болжанса, ОМШР есептеу үшін Талаптардың 11-тармағында көрсетілген ОМШР ең үлкен мөлшерін көздейтін актуарлық әдіс қолданылады.

14. Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру сыныбы бойынша ОМШР екі бөліктен тұрады және мынандай формула бойынша айқындалады:

$OMШР = OЭМШР + OTМШР$, мұнда:

ОЭМШР Талаптардың 11-тармағында көрсетілген актуарлық әдістермен есептеледі. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру сыныбы бойынша қызметін 3 (үш) жылдан кем жүзеге асырған не Талаптардың 11-тармағында көрсетілген әдістермен ОЭМШР есептеу үшін деректер жеткіліксіз болған жағдайда, ОЭМШР есептеу күнінің алдындағы соңғы он екі айда күшіне енген осы сынып бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары және сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарына қосымша келісімдер бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақы сомасының 5 (бес) пайызынан кем емес болады.

Актуарий зиян келтірілгенде сақтандырушының міндеттемелерін бөлген жағдайда актуарлық әдістермен ОЭМШР есептеген кезде Талаптарға 9-қосымшаға сәйкес Тізбекті баспалдақ әдісі бойынша инфляцияға түзетусіз орын алған, бірақ мәлімделмеген зияндар резервін есептеудің жинақталған шығындар кестесі Талаптарға 12-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелерін бөлудің Келтірілген шығындар негізінде жинақталған зияндар кестесіне сәйкес мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың және жинақталған шығындар үшбұрышын жасау үшін пайдаланатын зияндар басталған әр кезең аяғында жинақталған төлемдер шамасын (төленген зияндар) қосу арқылы құрылады.

Актуарий зиян келтірілгенде сақтандырушының міндеттемелерін бөлген кезде актуарлық әдістермен ОЭМШР есептеген кезде Талаптарға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Тізбекті баспалдақ әдісі бойынша инфляцияға түзетумен орын алған, бірақ мәлімделмеген зияндар резервін есептеуінің Өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетумен жинақталған зиян кестесі Талаптарға 12-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелерін бөлудің Келтірілген зиян негізінде

жинақталған шығындар кестесіне сәйкес мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың және жинақталған шығындар үшбұрышын жасау үшін пайдаланатын зиян басталған әр кезең аяғында жинақталған төлемдер шамасын (төленген зиян) қосу арқылы құрылады.

Актуарий зиян келтірілгенде сақтандырушының міндеттемелерін бөлген кезде актуарлық әдістермен ОӘМШР есептеу кезінде Талаптарға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Борнхьюттер-Фергюсон (Bornhuetter-Ferguson) әдісімен орын алған, бірақ мәлімделмеген зияндар резервін есептеуінің жинақталған шығындар кестесі Талаптарға 12-қосымшаға сәйкес Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелерін бөлудің Келтірілген шығындар негізінде жинақталған зияндар кестесіне сәйкес мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындардың және жинақталған зияндар үшбұрышын жасау үшін пайдаланатын зияндар басталған әр кезең аяғында жинақталған төлемдер шамасын (төленген зиян) қосу арқылы құрылады;

ОТМШР – КЕЖЖ дәрежесін белгілеуге және Азаматтық кодекстің 940-бабына сәйкес қызметкердің қайтыс болуы салдарынан залал шеккен адамдарға зиянды өтеуге байланысты сақтандыру төлемі жүзеге асырылған пайда алушылар бойынша есептеледі

ОТМШР сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша КЕЖЖ дәрежесін ұзартуға (қайта куәландыруға) және Азаматтық кодекстің 940-бабына сәйкес қызметкердің қайтыс болуы салдарынан залал шеккен адамдарға зиянды өтеуге байланысты күтілетін міндеттемелерді бағалау мақсатында қалыптасады.

ОТМШР КЕЖЖ дәрежесі белгіленген және ол бойынша қайта ұзарту (қайта куәландыру) күтілетін әрбір пайда алушы бойынша жеке айқындалатын КЕЖЖ дәрежесін ұзартуға (қайта куәландыруға) байланысты және Азаматтық кодекстің 940-бабына сәйкес қызметкердің қайтыс болуы салдарынан залал шеккен адамдарға залалды өтеуге байланысты болжанып отырған төлем сомасына тең.

ОТМШР есептеу Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6156 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010 жылғы 1 наурыздағы № 28 қаулысымен бекітілген Аннуитет шарты бойынша аннуитеттік төлемдерді есептеу ережесіне және аннуитет шарты мен сақтандырушының жасалатын аннуитет шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

Әрбір пайда алушы бойынша болжанған төлемдерді бағалау мақсатында КЕЖЖ дәрежесін белгілеу мерзімін ұзарту, 100 (жүз) пайыз төлемді жүзеге асыру ықтималдылығымен Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде белгіленген зейнетақы жасына жеткенге дейін жүзеге асырылады.

Болжанған төлемдерді бағалау мақсатында ОТМШР 100 (жүз) пайыз ықтималдылығымен Азаматтық кодекстің 940-бабына сәйкес қызметкердің қайтыс

болуы салдарынан залал шеккен адамдарға зиянды өтеуге құқығы бар әрбір адам бойынша қалыптастырылады.

Егер сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына пайда алушының КЕЖЖ дәрежесін қайта ұзартуға (қайта куәландыруға) байланысты аннуитет шартын жасасу жөніндегі өтініш аннуитет шартының қолданылу мерзімі өткеннен кейін 2 (екі) жыл ішінде түспесе және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы:

1) аннуитет шартының қолданылу мерзімі өткеннен кейін пайда алушының КЕЖЖ дәрежесін ұзарту (қайта куәландыру) туралы ақпараты болмаса, онда актуарий қажет болған жағдайда ОТМШР есебінен пайда алушы бойынша болжанатын төлемдердің келтірілген сомасын алып тастайды;

2) аннуитет шартының қолданылу мерзімі өткеннен кейін пайда алушының КЕЖЖ дәрежесін ұзарту (қайта куәландыру) туралы ақпаратқа ие болса, онда актуарий болжанатын төлемдерді бағалауды пайда алушының кәсіби пайымын негізге ала отырып, актуарий есептеген қайта өтінішінің ықтималдығын ескере отырып жүзеге асырады.

"Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы заң) сәйкес жасалған сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерді қайта сақтандыруға қабылдаған және (немесе) берген кезде қайта сақтанушы Қазақстан Республикасының резиденті-қайта сақтандырушыға қайта сақтандыру шартында және (немесе) делдалдар арқылы жасалатын шартта сондай өлшемдерді көрсете отырып, ОТМШР есептеу кезінде қолданылатын резервтік базис өлшемдерін ұсынады.

Қазақстан Республикасының резидент-қайта сақтандырушысы ОТМШР есептеу кезінде қолданатын резервтік базис өлшемдерінің мәні Қазақстан Республикасының резиденті-қайта сақтандырушының резервтік базисі қайта сақтанушының резервтік базисіне қарағанда консервативті болып табылатын жағдайды қоспағанда, қайта сақтанушының ОТМШР есептеу кезінде қолданатын резервтік базис өлшемдерінің мәніне сай келеді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.10.2024 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15. Актуарий актуарлық әдістермен ОМШР және (немесе) ОӘМШР есептеу кезінде шығындардың даму факторларын теңестіру мақсатында, қажет болған жағдайда, сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша ірі болып табылатын шығындарды түзетуді жүргізеді.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

16. КЕЖЖ дәрежесін белгілеуіне әкеп соққан жазатайым оқиғадан өміріне және денсаулығына зиян келтірген қызметкердің мүліктік мүддесі сақтандыру объектісі болып табылатын ерікті сақтандыру шарттары бойынша актуарий пайда алушының еңбекке жарамдылығы дәрежесінің ұзартылуына (қайта куәландырылуына), денсаулығының нашарлауына байланысты сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы міндеттемелерінің (бұдан әрі - қосымша міндеттемелер) сомасына ОМШР-ды ұлғайтуды жүзеге асырады.

Қосымша міндеттемелердің жалпы сомасы ұқсас шығындар тобы бойынша мерзімін ұзарту ықтималдығын пайдалана отырып, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының статистикалық деректері негізінде есептелген түзету коэффициентіне көбейтілген, КЕЖЖ дәрежесі белгіленген немесе КЕЖЖ қайта ұзартуы (қайта куәландыруы) күтіліп отырған әрбір пайда алушы бойынша жеке айқындалатын болжанып отырған төлемдер сомасына тең.

17. Актуарий Талаптардың 11-тармағында көзделген актуарлық есептеу әдістері негізінде сақтандырудың әрбір сыныбы бойынша жеке ОМШР және қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру сыныбы бойынша ОӘМШР көлемін айқындау туралы шешім қабылдайды.

18. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыруды қоспағанда сақтандыру сыныбы бойынша қызметті 3 (үш) жылдан кем жүзеге асырған немесе Талаптардың 11-тармағында көрсетілген актуарлық әдістермен ОМШР есептеу үшін деректер жеткіліксіз болған жағдайда ОМШР есептеу күнінің алдындағы соңғы 12 (он екі) айда күшіне енген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары және сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарына қосымша келісімдер бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақы сомасының 5 (бес) пайызынан кем емес болады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.02.2023 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

19. Ипотекалық сақтандыру сыныбы бойынша ОМШР шамасы есептеу күнінің алдындағы соңғы 12 (он екі) айда күшіне енген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары және сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарына қосымша келісімдер бойынша есептелген сақтандыру сыйлықақы сомасының 60 (алпыс) пайызынан кем емес болады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.02.2023 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

20. Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығын шығындар бойынша есепте сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы) сақтандыру оқиғасы және (немесе) сақтандыру жағдайы басталғаны туралы және (немесе) сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы

жазбаша нысанда өтініш жасаған күннен бастап не Қазақстан Республикасының міндетті сақтандыру түрлері туралы заңдарында және (немесе) шартта көзделген тәртіппен көрсетіледі.

Егер қайта сақтандыру шартында өзгесі көзделмесе, қайта сақтанушы (цедент) қайта сақтандырушыны қайта сақтанушы (цедент) осындай өтінішті алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде сақтандыру оқиғасы және (немесе) сақтандыру жағдайы басталғаны туралы хабардар етеді.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.01.2021 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

21. МРШР қайсы күн ертерек басталуына орай сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) сақтандыру оқиғасы және (немесе) сақтандыру жағдайы басталғаны туралы және (немесе) сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтінішін алған күннен бастап, қайсы күн ертерек басталуына орай сақтандыру төлемін жүзеге асыру не сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім шығару не сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) сақтандыру төлемін алудан жазбаша бас тарту, оның ішінде сақтандыру оқиғасының немесе сақтандыру жағдайының басталуы туралы өтінішті қарау күніне дейін әрбір мәлімделген, бірақ реттелмеген шығын бойынша жеке қалыптастырылады.

Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығын бойынша Талаптардың 25-тармағында белгіленген МРШР қалыптастыру үшін негіздер болмаған жағдайда сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) сақтандыру оқиғасы және (немесе) сақтандыру жағдайы басталғаны туралы және (немесе) сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтінішін алған күннен бастап 3 (үш) жыл өткен соң МРШР-ды есептен шығаруға құқылы.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.10.2024 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

21-1. Өмірді сақтандыру шарты шеңберінде мәлімделген, бірақ реттелмеген шығын бойынша МРШР, ол бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы осындай шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жылдан астам мерзімде және (немесе) сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) сақтандыру оқиғасының және (немесе) сақтандыру жағдайының басталуы туралы өтінішін алған күннен бастап шешім қабылданды және (немесе) сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы, қай күннің ерте келетініне байланысты, сақтандыру төлемін жүзеге асыру күніне дейін толық көлемде қалыптастырылады.

Ескерту. 4-тарау 21-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.10.2024 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

22. Сақтанушыда (пайда алушыда) және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында шығынның мөлшері туралы жеткілікті ақпарат болмаған жағдайда МРШР сақтандыру төлемі үшін жеткілікті, бірақ сақтандыру жағдайларының осыған ұқсас тобы бойынша жасалған, мәндердің қайсысы көп болуына қарай алдыңғы қаржы жылында немесе алдыңғы 2 (екі) қаржы жылында төленген шағымдардың орташа мәнінен кем емес мөлшерде қалыптастырылады.

Сақтанушының (сақтандырылушының, пайда алушының) және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының шығындар туралы жеткілікті ақпараты болмаған жағдайда МРШР сақтандыру төлемі үшін жеткілікті мөлшерде, бірақ мәндердің қайсысы көп болуына қарай сақтандыру жағдайларының осыған ұқсас тобы бойынша жүргізілген, өткен қаржы жылында немесе өткен 2 (екі) қаржы жылында төленген шағымдардың орташа мәнінен кем емес мөлшерде қалыптастырылады.

Актуарий қажет болған жағдайда, төленген шағымдардың орташа (орташа нарықтық) мәнін есептеу кезінде ескерілетін, ірі болып табылатын шығынды түзетеді және оны орындаудың негіздемесі Талаптардың 4-тармағына сәйкес актуарий ұсынатын болады.

Шығынның мөлшері туралы жеткілікті ақпарат болмауына байланысты қалыптастырылған МРШР мөлшерлері осы тармақтың екінші және үшінші бөліктеріне сәйкес есептелген мөлшерлеріне қарай әрбір қаржы жылының қорытындылары бойынша қайта есептеледі.

Шығынның мөлшерін растайтын құжаттар болғанда немесе сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы көрсетілген құжаттарды алғаннан кейін МРШР мәлімделген және құжаттамалық расталған шығынның мөлшерінде қалыптастырылады.

МРШР жалпы шамасы барлық мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар бойынша қалыптастырылған МРШР қосу арқылы анықталады.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.01.2021 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

23. МРШР сомасы актуариймен есептелетін мәлімделген талаптар бойынша сақтандыру төлемдерінің мөлшерін қарауға және реттеуге тікелей байланысты, болжанған шығыстар сомасына ұлғаяды.

24. МРШР есептеу шамасы қажет болғанда сақтанушының (қайта сақтанушының) есептеу күніне сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына сақтандыру сыйлықақыларын (сақтандыру жарналарын) төлеу бойынша мерзімі өткен берешегі сомасына (оның ішінде аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша берешек сомасына) кемітіледі.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 12.09.2019 № 157 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

25. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына қатысты сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру мәселесі бойынша сотта іс қарау басталған жағдайда, МРШР Талаптардың 22-тармағында белгіленген тәртіппен сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру мәселесі бойынша сотта іс қарау басталған күннен бастап сот шешімі күшіне енген күнге дейінгі кезеңде, бірақ сақтандыру төлемін жүзеге асыру күнінен ерте емес қалыптастырылады.

26. Актуарий сақтандыру резервтерін қалыптастыру кезінде көзделмеген, жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қосымша тәуекелдерді есептеу күнінде туындауына байланысты сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының міндеттемелерінің сомасына сақтандыру резервтерінің мөлшерін ұлғайтады.

5-тарау. "Өмірді сақтандыру" саласы бойынша сақтандыру резервтерін есептеу

27. "Өмірді сақтандыру" саласында сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерін есептеу актуарлық әдістер пайдалана отырып жүзеге асырылады.

28. "Өмірді сақтандыру" саласында сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру резервтерін есептеу сақтанушының инвестициялық кірісінде қатысу талабымен көздейтін сақтандыру шарттарын қоспағанда, әрбір сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша актуарий жеке, сондай-ақ мынадай шарттардың түрлері:

- 1) жинақтаушы емес өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру);
- 2) жинақтаушы өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру);
- 3) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды бастау мерзімдері есептеу күнінен кейін басталатын аннуитет;
- 4) сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруды бастау мерзімдері есептеу күніне дейін басталған аннуитет бойынша жеке жүргізеді.

29. Актуарий "өмірді сақтандыру" саласында сақтандыру қызметін жүзеге асыратын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының жазатайым жағдайлардан сақтандыру сыныбы бойынша, ауырған жағдайдан сақтандыру сыныбы бойынша, туристі міндетті сақтандыру сыныбы бойынша және қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру сыныбы бойынша сақтандыру резервтерін есептеуді Талаптардың 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25 және 26-тармақтарына сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.01.2021 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

30. Сақтандыру резервтерін есептеу сақтандыру шарттарының талаптарын ескере отырып, резервтік базис негізінде жүзеге асырылады.

31. Резервтік базис сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары талаптарының айырмашылығы ескеріліп, атап айтқанда сақтандыру жағдайларының тізбесіне, қолданылу мерзіміне, сақтандыру жарналарын төлеу тәртібі мен мерзіміне, сақтандыру төлемдерінің мерзіміне, сондай-ақ сақтандыруға қабылданатын тәуекел дәрежесіне объективті әсер ететін өзге факторларға қарай белгіленеді.

32. Резервтік базис мынадай параметрлерді қамтиды:

1) жылдық тиімді пайыздық мөлшерлеме;

2) сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру резервтерін есептеу үшін пайдаланатын өлім-жітім, науқастық, мүгедектік кестелері;

3) сақтандырушының сақтандыру шарттарын қамтамасыз ету бойынша болашақ шығыстардың (іс жүргізу бойынша болашақ шығыстардың) абсолюттік шамасы немесе үлесі, сондай-ақ сақтандыру сомасынан сақтандыру төлемдерін пайызбен жүзеге асыруға арналған шығыстар үлесі (бұдан әрі - шығыстар көрсеткіштері);

4) сақтандыру төлемдерін индекстеу мөлшерлемелері.

33. Резервтік базис өлшемдерінің мәні резервтік базис тарифтік базиске қарағанда консервативті болып табылғандағы жағдайды қоспағанда, тарифтік базистің өлшемдерінің мәнімен сәйкес келеді.

Резервтік базис тарифтік базиске қарағанда консервативті болып табылған жағдайда :

резервтік базистің жылдық тиімді пайыздық мөлшерлемесі, тарифтік базистің жылдық тиімді пайыздық мөлшерлемесіне қарағанда аз;

резервтік базистің өмірді сақтандыру шарттары бойынша өлім-жітім, ауру, мүгедектік кестесінің коэффициенттері тарифтік базистің барлық жас ерекшеліктері бойынша тиісті кестесінің коэффициенттерінен жоғары;

резервтік базистің аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша өлім-жітім, науқастық, мүгедектік кестесінің коэффициенттері тарифтік базистің барлық жас ерекшеліктері бойынша тиісті кестесінің коэффициенттерінен төмен;

резервтік базистің әкімшілік шығыстарының мөлшерлемесі тарифтік базистің тиісті мөлшерлемесінен асады;

резервтік базистің индекстеу мөлшерлемесі тарифтік базистің индекстеу мөлшерлемесінен жоғары.

Осы тармақ мыналарға:

2011 жылғы 1 қаңтарға дейін Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы заңға сәйкес жасалған аннуитет шарттарына;

2015 жылғы 1 қаңтарға дейін жасалған "өмірді сақтандыру" саласы бойынша басқа да шарттарға қолданылмайды.

Осы тармақтың жылдық тиімді пайыздық мөлшерлемесі бөлігіндегі күші мемлекеттік білім беру сақтандыру жүйесі шеңберінде өмірді сақтандыру шарты бойынша қолданылмайды.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

34. Білім беруді жинақтап сақтандыру шартын қоспағанда, қолданыстағы барлық шарттар бойынша сақтандыру резервтерін есептеген кезде актуарий:

1) егер сақтандыру валютасы шетел валютасы болып табылса 4 (төрт) пайыздан;

2) егер 2023 жылдың 1 қаңтарына дейін жасалған шарттар бойынша сақтандыру валютасы ұлттық валюта болып табылса 6 (алты) пайыздан аспайтын жылдық тиімді пайыздық мөлшерлемесін пайдаланады.

3) егер 2023 жылдың 1 қаңтарынан кейін жасалған шарттар бойынша сақтандыру валютасы ұлттық валюта болып табылса 8 (сегіз) пайыздан аспайтын жылдық тиімді пайыздық мөлшерлемесін пайдаланады.

Мемлекеттік білім беру сақтандыру жүйесі шеңберінде өмірді сақтандыру шарты бойынша сақтандыру резервтерін есептеу үшін пайдаланылатын тиімді жылдық пайыздық мөлшерлеме 2 (екі) пайыздан аспайтын тарифтік базистің тиімді жылдық пайыздық мөлшерлемесіне тең және 10 (он) пайыздан аспайды.

Мемлекеттік білім беру сақтандыру жүйесі шеңберінде өмірді сақтандыру шарты бойынша сақтандыру резервтерін есептеу үшін консервативтік тәсілді пайдаланған кезде резервтік базистің жылдық тиімді пайыздық мөлшерлемесі тарифтік базистен төмен болады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

35. Актуарий сақтандыру резервтерін есептеу кезінде егер сақтандыру (қайта сақтандыру) шартымен индекстеу көзделсе, индекстеу мөлшерлемесін пайдаланады.

Зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша актуарий 5 (бес) пайыздан кем емес мөлшерде индекстеу мөлшерлемесін пайдаланады.

35-1. Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы заңға сәйкес жасалған аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру резервтерін есептеу кезінде индекстеу мөлшерлемесі сақтандыру нарығында актуарлық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар сақтандыру ұйымының актуарийі инфляция бойынша статистикалық деректер негізінде айқындайтын болжанған инфляция деңгейінің мөлшерінде қолданылады.

Индекстеу мөлшерлемесін сақтандыру ұйымының басқару органы жыл сайынғы негізде бекітеді. Қажет болған жағдайда сақтандыру ұйымының басқару органы

актуарий жасаған негізде, бірақ жылына екі реттен артық емес индекстеу мөлшерлемесін қайта қарайды.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының филиалына осы тармақтың талаптарын қолдану мақсаттары үшін сақтандыру ұйымының басқару органы деп Қазақстан Республикасы бейрезидент-сақтандыру ұйымының тиісті басқару ұйымы түсініледі.

Ескерту. Талаптар 35-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.01.2021 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

36. Өлім-жітім, науқастық, мүгедектік кестесін таңдау сақтандыру шарты бойынша сақтандыру тәуекелінің ерекшелігін ескере отырып, сақтандырылушының және (немесе) сақтанушының сипаттары негізінде жүргізіледі.

Зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша ОАШР есептеу кезінде:

2017 жылғы 1 шілдеге дейін жасалғандарға Талаптарға 13-қосымшаға сәйкес зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру төлемдерін есептеу үшін өлім-жітік көрсеткіштерден аспайтын көрсеткіштері пайдаланылады;

2017 жылғы 1 шілдеден кейін жасалғандарға "Зейнетақы аннуитетінің үлгілік шартын бекіту, Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымынан сақтандыру сыйлықақысын және сақтандыру төлемін есептеу әдістемесін, сақтандыру ұйымының жасалатын зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейін, сондай-ақ сақтандыру төлемін индекстеу мөлшерлемесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2023 жылғы 7 маусымдағы № 45 қаулысымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32831 болып тіркелген Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын және сақтандыру төлемін есептеу әдістемесіне 2-қосымшада көрсетілген зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру төлемдерін есептеу үшін өлім-жітік көрсеткіштерден аспайтын көрсеткіштер пайдаланылады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.10.2024 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

37. Өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ОАШР есептеу күніне қолданыстағы барлық өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша орын алмаған шығындар резервтері сомасы ретінде есептеледі.

38. Сақтанушының инвестицияларға қатысу жағдайын көздейтін сақтандыру шартын қоспағанда, жеке өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша ОАШР мынадай шамалардың ең жоғарғы шамасына тең болады:

1) $OАШР 1 = ТК_{кк} + ТМК_{кк} + ОШК_{кк} - СЖК_{кк}$,

мұнда:

ТКкк – сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының талаптарына көзделген сақтандыру төлемдерінің келтірілген күтілетін құны;

ТМКкк – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру төлемдерінің мөлшерін караумен, реттеумен, анықтаумен тікелей байланысты шығыстардың келтірілген күтілетін құны;

ОШКкк – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының іс жүргізумен байланысты операциялық шығыстардың келтірілген күтілетін құны;

СЖКкк – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы есептеу күнінен кейін алуы тиіс сақтандыру жарналарының (бір жолғы төлеу кезінде – сақтандыру сыйлықақының) келтірілген күтілетін құны;

$$2) \text{ОАШР } 2 = \text{ТКкк} - \text{СНЖКкк},$$

мұнда:

ТКкк – сақтандыру (қайта сақтандыру) шартының талаптарында тек сақтандыру жағдайы басталуына ғана көзделген сақтандыру төлемдерінің келтірілген күтілетін құны (сақтандыру шартында көзделген кезеңі өткен соң жүзеге асырылатын сақтандыру төлемі есептелмегенде);

СНЖКкк – сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы есептеу күнінен кейін, өзінің тек сақтандыру жағдайдың басталуына байланысты сақтандыру төлемдерін (сақтандыру шартында көзделген кезеңі өткен соң жүзеге асырылатын сақтандыру төлемі есептелмегенде) жүзеге асыру бойынша ғана міндеттемені қабылдағаны үшін алуы тиіс сақтандыру нетто-жарналарының (біржолғы төлеу кезде – нетто-сыйлықақылардың) келтірілген күтілетін құны.

"Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-1-бабы 9-тармағының 1) немесе 3) тармақшаларында көзделген сақтандыру жағдайы басталған мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі шеңберіндегі өмірді сақтандыру шарттары бойынша есептік соманы есептеу мақсаттары үшін РНУ мынадай мәннің ағымдағы құнына тең:

$$\text{ОАШР} = \text{СС} \times \left(1 - \frac{\text{СТ}_{\text{acc}}}{\text{СТ}_{\text{all}}} \right), \text{ мұнда}$$

СС – сақтандыру сомасы;

СТ_{acc} – сақтандыру шартының талаптарында көзделген есептік соманы есептеу кезінде жүзеге асырылған сақтандыру төлемдерінің сомасы;

СТ_{all} – есептік соманы есептеу күніне мерзімді сақтандыру төлемдерінің жалпы сомасы.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.10.2024 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

38-1. Мемлекеттік білім беру сақтандыру жүйесі шеңберінде Талаптардың 38-тармағына сәйкес есептелген өмірді сақтандыру шарты бойынша МШР оны инвестициялаудан түскен кірісті есепке алумен мемлекеттің есептеген сыйлықақысының сомасына ұлғайтылады.

Ескерту. 38-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 23.11.2022 № 102 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

39. Келтірілген күтілетін құнын есептеген кезде осы Талаптардың 32-тармағында көрсетілген резервтік базис параметрлері қолданылады.

40. Аннуитет шарттары бойынша ОАШР есептеу күніне барлық қолданыстағы аннуитет шарттары бойынша орын алмаған шығындар резервтерінің сомасы ретінде есептеледі.

41. Жеке аннуитет шарты бойынша ОАШР мынадай шамаға тең болады:

$$\text{ОАШР} = \text{ТКкк} + \text{ОШКкк} - \text{СЖКкк},$$

мұнда:

ТКкк - аннуитет шартының талаптарында көзделген сақтандыру төлемдерінің келтірілген күтілетін құны;

ОШКкк - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының аннуитет шарты бойынша іс жүргізумен байланысты операциялық шығыстардың келтірілген күтілетін құны;

СЖКкк - сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы есептеу күнінен кейін алуы тиіс сақтандыру жарналарының (бір жолғы төлеген кезде - сақтандыру сыйлықақының) келтірілген күтілетін құны. Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыруын бастау мерзімі есептеу күнінен бұрын басталған аннуитет шарты үшін СЖКкк нөлге тең болады.

42. Аннуитет шарттары бойынша жүйелі сақтандыру төлемдерінің мөлшері ұлғайған жағдайда ОАШР:

сақтандыру төлемдерін жүргізу кезеңінде Талаптардың 41-тармағына сәйкес анықталады. Сақтандыру төлемдерінің келтірілген күтілетін құнын есептеу сақтандыру төлемдері мөлшерінің ұлғаюын ескере отырып, жүргізіледі;

жинақтау кезеңінде Талаптардың 41-тармағына сәйкес аннуитет шарты бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының қосымша кірістері есебінен сақтандыру төлемдері мөлшерінің ұлғаюы ескерілген.

43. Келтірілген күтілетін құнын есептеген кезде осы Талаптардың 32-тармағында көрсетілген резервтік базис параметрлері қолданылады.

44. Актуарий өмірді жинақтаушы емес сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ОМШР Талаптардың 10, 11, 12, 13, 14, 17, 18, 19 және 26-тармақтарына сәйкес есептейді.

45. Аннуитет шарттары бойынша, сондай-ақ өмірді жинақтаушы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша ОМШР нөлге тең болады.

46. Актuariй өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша МРШР осы Талаптардың 20, 21, 22, 23, 24 және 25-тармақтарына сәйкес есептейді.

47. Аннуитет шарттары бойынша МРШР нөлге тең болады.

6-тарау. Сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесі

1-параграф. "Жалпы сақтандыру" саласы

48. ЕСР-дегі қайта сақтандырушының үлесі әрбір сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша есептеледі.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

49-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.12.2024 № 87 (ресми жарияланған күнінен кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

49. Пропорционалды қайта сақтандыру шарттары бойынша ЕСР-дегі қайта сақтандырушының үлесі әрбір сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша есепті күнге сақтандыру (қайта сақтандыру) шарты бойынша коэффициентінің және ЕСР-дің көбейтіндісі ретінде айқындалады.

ЕСР-дегі қайта сақтандырушының үлесі= $bRE_{ЕСР}$, мұнда:

bRE коэффициенті қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысына қатысына тең.

"Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14794 болып тіркелген "Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және сақтандыру тобының пруденциялық нормативтерінің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің нормативтік мәндерін және оларды есептеу әдістемелерін, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының немесе сақтандыру холдингтерінің еншілес ұйымдары сатып алатын заңды тұлғалардың акцияларына (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) қойылатын талаптарды, сақтандыру холдингтері сатып алатын халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының тізбесін, сақтандыру холдингтері сатып алатын облигациялар үшін талап етілетін ең төмен рейтингті және рейтингтік агенттіктердің тізбесін, сондай-ақ сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары сатып алатын қаржы құралдарының (акциялар мен жарғылық капиталына қатысу үлестерін қоспағанда) тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 304 қаулысына және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы

филиалының нормативтік мәндеріне және пруденциялық нормативтерін және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді есептеу әдістемесіне, оның ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының, Қазақстан Республикасы бейрезидент-исламдық сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы филиалының резерв ретінде қабылданатын активтерін қалыптастыру тәртібіне және олардың Заңның 46-бабының 12-тармағына сәйкес белгіленетін ең төмен мөлшеріне (бұдан әрі – Нормативтер) сәйкес пруденциялық нормативтерді есептеу кезінде bRE оэффицентінде қайта сақтандыру (сақтандыру) шарты бойынша цедентке, сақтандыру брокеріне не Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалына комиссиялық сыйақыны және қайта сақтандыруға берілетін тәуекелдер бойынша сақтандыруды қорғауға жатпайтын қайта сақтандырушыдан, сақтандыру делдалдарға және өзге де тұлғаларға төлемдерді қоспағанда, қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысы есепке алынады.

Сақтандыру брокерінің не Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалының комиссиялық сыйақы сомасына сондай-ақ сақтандыру шарты бойынша қайта сақтанушыдан сақтандыру брокері не Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалы қабылдаған сақтандыру сыйлықақысы және қайта сақтандыру шарты шеңберінде қайта сақтандырушыға берілген сақтандыру сыйлықақысы арасындағы айырмасы кіреді.

Пропорционалды емес қайта сақтандыру шарттары бойынша ЕСР-дегі қайта сақтандырушының үлесі қайта сақтандыру шартының талаптарына сәйкес есептеледі.

№ 304 қаулыға және Нормативтерге сәйкес пруденциялық нормативтерді есептеу кезінде пропорционалды емес қайта сақтандыру шарттары бойынша ЕСР-дегі қайта сақтандырушының үлесі қайта сақтандыру шартының талаптарына сәйкес есептеледі және 0 (нөлге) тең.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 21.10.2024 № 83 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

49-1-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.12.2024 № 87 (ресми жарияланған күнінен кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

49-1. № 304 қаулыға және Нормативтерге сәйкес пруденциялық нормативтерді есептеу кезінде талаптарында қайта сақтандыру шартының қолданылу мерзімі өткен соң тиісті қайта есептеу мөлшерлемесі бойынша қайта есептелуге (түзетілуге) тиіс ең төмен депозит сыйлықақысы (немесе депозит сыйлықақысы) (бұдан әрі - ЕДС) көзделген қайта сақтандыру шарты бойынша ЕСР-дегі қайта сақтандырушының үлесі

көрсетілген қайта есептеу мөлшерлемесі бойынша қайта сақтандырушыға есептелген сақтандыру сыйлықақысының сомасын (ЕДС болып табылмайтын) негізге ала отырып айқындалады, немесе 0 (нөлге) тең.

№ 304 қаулыға және Нормативтерге сәйкес пруденциялық нормативтерді есептеу кезінде талаптарында қайта сақтандыру шартының қолданылу мерзімі өткен соң тиісті қайта есептеу мөлшерлемесі бойынша қайта есептелуге (түзетілуге) тиіс ЕДС және (немесе) қайта сақтандыру шарты (ковернотасы) мерзімінен бұрын бұзылған кезде сыйлықақы бөлігі қайтарылмауға тиіс талабы көзделген қайта сақтандыру шарты бойынша ЕСР-дегі қайта сақтандырушының үлесі есепті күнге қайтарылмайтын сомасына 0 (нөлге) тең.

Ескерту. 49-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 12.09.2019 № 157 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.01.2021 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

50. Актуарий қайта сақтандырушының ОМШР-дегі үлесін жеке әрбір сақтандыру сыныбы бойынша қайта сақтандырушының үлесі ескерілген ОМШР мен қайта сақтандырушының Талаптардың 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19 және 26-тармақтарына сәйкес есептелген үлесі ескерілмеген ОМШР арасындағы айырмашылық ретінде белгіленеді.

Талаптардың 14-тармағына сәйкес есептелген болжанатын төлемдер құнына қайта сақтандырушының үлесін актуарий қайта сақтандыру шартының талаптарына сәйкес әрбір пайда алушы бойынша жеке анықтайды.

51. Қайта сақтандырушының үлесін қоспағанда ОМШР есептеу үшін қайта сақтандырушының үлесін қосқанда ОМШР есептеу үшін пайдаланылатын шығындарды даму коэффициенттерді қолдана отырып, қайта сақтандырушының үлесін қосқанда ОМШР есептеу үшін таңдалған есептеу әдісі қолданылады.

ОМШР-ны Талаптардың 18-тармағына сәйкес есептеу кезінде ОМШР-дағы қайта сақтандырушының үлесі талаптардың 18-тармағына сәйкес қайта сақтандырушының үлесін ескере отырып, ОМШР-ны есептеу кезінде пайдаланылған пайыз мөлшері мен қайта сақтандыруға берілген және есептеу күнінің алдындағы соңғы 12 (он екі) ай ішінде күшіне енген сақтандыру шарттары мен сақтандыру шарттарына қосымша келісімдер бойынша есептелген қайта сақтандыру сыйлықақысының көбейтіндісіне тең болады.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 20.02.2023 № 3 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

52. МРШР-дағы қайта сақтандырушының үлесі қайта сақтандыру шартының талаптарына сәйкес қайта сақтандыру ұйымы өтеуі тиіс шығындар сомасының негізінде есептеледі.

53. Қайта сақтандыру шарттары (қосымша келісімдер) бойынша қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесі 0 (нөлге) тең сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында қайта сақтандырушының (қайта сақтандырушылардың) қайта сақтандырудың барлық талаптарын (оның ішінде қайта сақтандырушы қабылдаған сақтандыру сыйлықақысының, қайта сақтандыру шарты бойынша міндеттемелердің, жауапкершілік лимитінің, цедент комиссиясының, сақтандыру брокері және (немесе) Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалы комиссиясының мөлшерлерін) көрсете отырып, қайта сақтандыру (акцепт) бойынша тәуекелдерді ол (олар) қабылдағаны туралы жазбаша түрде растауы бар кезден басқа жағдайларда.

Қайта сақтандырушының (қайта сақтандырушылардың) қайта сақтандыру (акцепт) бойынша тәуекелдерді ол (олар) қабылдағаны туралы растауы ретінде қайта сақтандыру шартын алғанға дейін Заңның 17-бабының 9-тармағына сәйкес сақтандыру брокері және Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалы қызметін жүзеге асыру шарттары мен тәртібін және тәртібін айқындайтын уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес қайта сақтандыру ковернотасы не қол қою парағымен қайта сақтандыру слипі қабылданады.

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымында осы тармақта көзделген кезде қайта сақтандырушының (қайта сақтандырушылардың) растауы бар кезде қайта сақтандырушының мынадай сақтандыру резервтеріндегі үлесі төменде атап көрсетілген жағдайларға сәйкес келгенде құрылуы мүмкін:

ЕСР-да:

қайта сақтандыру шарты бойынша міндеттемелерді орындау валюта бағамының өзгеруіне байланысты асып кеткен жағдайды қоспағанда, сақтандыру тәуекелін беру кезінде факультативтік қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысының мөлшері сақтандыру шарты бойынша сыйлықақының мөлшерінен асып кетпейді;

қайта сақтандыру шартында жауапкершілік көлемінің кемінде 10 (он) пайызын және сақтандыру сыйлықақысының 50 (елу) пайызынан астамын беру көзделмеген;

қайта сақтандыру шарты қайта сақтандырушы мен сақтанушы тұлғаны қоспағанда, қайта сақтанушының үлестес тұлғасы және (немесе) сақтанушының үлестес тұлғасының сақтандыру сыйлықақысының бөлігін, шарт немесе қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушының табысы мен шығыстары арасындағы пайда және (немесе) оң айырманы алуы туралы шартты қамтымайды;

сақтандыру резервтерінде:

есеп беру күніне факультативтік қайта сақтандыру шарты бойынша, қайта сақтандырушының туындаған сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемін өтеуіне байланысты, қайта сақтандырушыға немесе сақтандыру брокеріне немесе Қазақстан Республикасының бейрезидент-сақтандыру брокері филиалына қайта сақтандырушының сақтандыру төлемін өтеу туралы талап қойылған сәттен бастап 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен дебиторлық берешек жоқ;

қайта сақтандырушы оффшорлық аймақтарда тіркелмеген;

қайта сақтандырушы есепті күні Қазақстан Республикасының тыйым салынған бейрезидент сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының тізіліміне енбеген.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.01.2021 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

54-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 27.12.2024 № 87 (ресми жарияланған күнінен кейін үш ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

54. № 304 қаулыға және Нормативтерге сәйкес пруденциялық нормативтерді есептеу кезінде көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандыруға сақтандыру тәуекелдерінің барлығын немесе бір бөлігін беруді көздейтін қайта сақтандыру шарттары бойынша қайта сақтандырушының сақтандыру резервтеріндегі үлесі 0 (нөлге) тең.

Талаптардың 53-тармағының талаптары апаттық тәуекелдерді беруге байланысты қайта сақтандыру келісімшарттарына қолданылмайды.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.01.2021 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-параграф. "Өмірді сақтандыру" саласы

55. Жинақтаушы өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша сақтандыру резервтеріндегі қайта сақтандырушының үлесін есептеу Талаптардың 48, 49, 50, 51, 52, 53 және 54-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады.

56. Жинақтаушы өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары және аннуитет шарттары бойынша ОАШР-дағы қайта сақтандырушының үлесі қайта сақтандыруға берілген сақтандыру шарты бойынша жауапкершілік үлесін негізге ала отырып, анықталады және Талаптардың 37, 38, 39 және 40-тармақтарына сәйкес не қайта сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақыларының (сақтандыру жарналарының) мөлшерінің негізінде есептеледі.

57. Жинақтаушы өмірді сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша МРШР-дағы қайта сақтандырушының үлесі Талаптардың 52-тармағына сәйкес анықталады.

Сақтандыру резервтерін
қалыптастыруға,
есептеу әдістемесіне
және олардың құрылымына
қойылатын талаптарға
1-қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан "Жалпы сақтандыру" саласы бойынша қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын және қайта сақтандыруға берілген шарттарды есепке алу журналы

Ескерту. 1-қосымша алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.03.2020 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Сақтандыру резервтерін
қалыптастыруға, есептеу
әдістемесіне және олардың
құрылымына қойылатын
талаптарға 2-қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан Шығындарды (төленген сақтандыру төлемдерін қоспағанда) есепке алу журналы

Ескерту. 2-қосымша алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.03.2020 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Сақтандыру резервтерін
қалыптастыруға, есептеу
әдістемесіне және олардың
құрылымына қойылатын
талаптарға 3-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан Сақтандыру төлемдерін есепке алу журналы

Ескерту. 3-қосымша алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.03.2020 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Сақтандыру резервтерін
қалыптастыруға,
есептеу әдістемесіне және
олардың құрылымына
қойылатын талаптарға
4-қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме "Өмірді сақтандыру" саласы бойынша қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын және қайта сақтандыруға берілген шарттарды есепке алу журналы

Ескерту. 4-қосымша алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.03.2020 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Сақтандыру резервтерін
қалыптастыруға,
есептеу әдістемесіне және
олардың құрылымына
қойылатын талаптарға
5-қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме Қолданыстағы зейнетақы аннуитеті шарттарын және аннуитеттік сақтандырудың өзге де түрлерін есепке алу журналы

Ескерту. 5-қосымша алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.03.2020 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Сақтандыру резервтерін
қалыптастыруға,
есептеу әдістемесіне және
олардың құрылымына
қойылатын талаптарға
6-қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан "Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы" 2005 жылғы 7 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жасалған қолданыстағы аннуитет шарттарын есепке алу журналы

Ескерту. 6-қосымша алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.03.2020 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Сақтандыру резервтерін
қалыптастыруға,
есептеу әдістемесіне және
олардың құрылымына
қойылатын талаптарға
7-қосымша

Әкімшілік деректер жинауға арналған нысан Соңғы 12 (он екі) айда күшіне енген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын және сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарына қосымша келісімдерді есепке алу журналы

Ескерту. 7-қосымша алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.03.2020 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға 8-қосымша

Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан Болжамды төлемдер құнын есепке алу журналы

Ескерту. 8-қосымша алып тасталды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.03.2020 № 23 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға 9-қосымша

Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін тізбекті баспалдақ әдісі бойынша инфляцияға түзетусіз есептеу Есепті кезең: 20__ жылғы " __ " " _____ " жағдай бойынша

Нысан

_____ бойынша есепті күнге шығындар кестесі
сақтандыру сыныбы
Шығындар кестесі _____ шығындар негізінде құрылды
(төленген, келтірілген)

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Кезеңдер бойынша шығындар (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1	X (1,1)	X (1,2)		X (1, n-2)	X (1, n-1)	X (1, n)
2	X (2,1)	X (2,2)		X (2, n-2)	X (2, n-1)	x
3	X (3,1)	X (3,2)	...	X (3, n-2)	x	x
...	x	x	x
n-1	X (n-1,1)	X (n-1,2)	x	x	x	x
n	X (n,1)	x	x	x	x	x

Ескерту:

X (i,j)- i-ші кезеңде орын алған сақтандыру жағдайлары бойынша j-ші кезеңнің соңындағы төлемдер (төленген шығындар) немесе келтірілген шығындар;

n- төлемдер туралы деректер қаралатын кезеңдердің саны;
 есепті күндегі Шығындар кестесінде сақтандыру жағдайларының басталу кезеңдері бойынша топтастырылған төлемдер (төленген шығындар) немесе келтірілген шығындар көрсетіледі.

жинақталған шығындар кестесі

сақтандыру сыныбы

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Жинақталған шығындар (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1	$S(1,1)=X(1,1)$	$S(1,2) = X(1,1) + X(1,2)$...	$S(1,n-2) = X(1,1) + X(1,2) + \dots + X(1,n-2)$	$S(1,n-1) = X(1,1) + X(1,2) + \dots + X(1,n-2) + X(1,n-1)$	$S(1,n) = X(1,1) + X(1,2) + \dots + X(1,n)$
2	$S(2,1)=X(2,1)$	$S(2,2) = X(2,1) + X(2,2)$...	$S(2,n-2) = X(2,1) + X(2,2) + \dots + X(2,n-2)$	$S(2,n-1) = X(2,1) + X(2,2) + \dots + X(2,n-2) + X(2,n-1)$	x
3	$S(3,1)=X(3,1)$	$S(3,2)=X(3,1) + X(3,2)$...	$S(3,n-2) = X(3,1) + X(3,2) + \dots + X(3,n-2)$	x	x
...	x	x	x
n-1	$S(n-1,1)=X(n-1,1)$	$S(n-1,2) = X(n-1,1) + X(n-1,2)$	x	x	x	x
n	$S(n,1) = X(n,1)$	x	x	x	x	x

Ескерту: Жинақталған шығындар кестесінде сақтандыру жағдайларының басталу кезеңдері бойынша топтастырылған төлемдердің (төленген шығындардың) немесе келтірілген шығындардың жиынтықты шамасы көрсетіледі.

Шығындардың даму коэффициенттерінің кестесі g(j)

Шығындардың даму әдісі (орташа арифметикалық, орташа n- кезеңдер үшін, орташа шамасы)

Шығындардың басталу кезеңі (i)	Шығындардың даму факторлары (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1	$F(1,1) = \frac{S(1)}{S(1)}$	$F(1,2) = \frac{S(1,3)}{S(1,2)}$...	$F(1,n-2) = F(1,n-2) = \frac{S(1,n)}{S(1,n-1)}$		x
2	$F(2,1) = \frac{S(2)}{S(2)}$	$F(2,2) = \frac{S(2,3)}{S(2,2)}$...	$F(2,n-2) = \frac{S(2,n-1)}{S(2,n-2)}$		x
3	$F(3,1) = \frac{S(3)}{S(3)}$	$F(3,2) = \frac{S(3,3)}{S(3,2)}$...	x	x	x
...	x	x	x

n-1	$F(n-1,1) = \frac{S(n-1,2)}{S(n-1,1)}$		$F(n-1,2) = \frac{S(n-1,3)}{S(n-1,2)}$	x	x	x
n	x	x	x	x	x	x
Шығындардың даму коэффициенттері g(j)						
g(j)	1	2	...	n-2	n-1	n
орташа арифметикалық						x
орташа n- кезеңдер үшін						x
орташа шамасы						x

Шығындардың даму коэффициенттері кестесінде мәлімделген шығындардың жиынтықты шегінің бір төлем жасау кезеңінен келесісіне тиісінше ұлғаюына қатысты шығындардың даму $F(i,j)$ факторлары мынадай формула бойынша анықталады:

$$\text{Шығындардың даму факторы} = F(i,j) = X(i,j+1) / X(i,j).$$

Шығындардың даму коэффициенттері $g(j)$ шығындардың басталу кезеңдері бойынша шығындардың даму факторларының орташа алынған мәні ретінде есептеледі.

_____ бойынша болжамды жинақталған шығындар кестесі сақтандыру сыныбы

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Болжамды жинақталған шығындар					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1	x	x	x	x	x	x
2	x	x	x	x	x	$UL(2,n) = S(2, n-1) * g(n-1)$
...
n-1	x	x	...	$S(n-1,2) * g(2) * \dots * g(n-3)$	$S(n-1,2) * g(2) * \dots * g(n-2)$	$UL(n-1,n) = S(n-1,2) * g(2) * \dots * g(n-1)$
n	x	$S(n,1) * g(1)$...	$S(n,1) * g(1) * g(2) * \dots * g(n-3)$	$S(n,1) * g(1) * g(2) * \dots * g(n-2)$	$UL(n,n) = S(n,1) * g(1) * g(2) * \dots * g(n-1)$

Ескерту: Болжанған жинақталған шығындар кестесінде әрбір кезеңдегі күтілетін шама немесе әрбір кезеңдегі келтірілген шығындар анықталады.

Төлемдердің немесе келтірілген шығындардың күтілетін шамасы Жинақталған шығындар кестесіндегі және шығындардың даму коэффициенттері $g(j)$ кестесіндегі шығындар пайда болған кезеңде жинақталған төлемдер немесе келтірілген шығындардың көбейтіндісі $S(i,j-1)$ ретінде есептеледі.

_____ бойынша шығындар резервінің кестесі

сақтандыру сыныбы

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Шығындардың болжамды жинақталуы						Кезеңдер бойынша шығындар резерві
	1	2	...	n-2	n-1	n	
1	x	x	x	x	x	x	x
2	x	x	x	x	x	$UL(2,n) = S(2,n-1) * g(n-1)$	$UL(2,n)-S(2,n-1)$
...
n-1	x	x	...	$S(n-1,2) * g(2) * \dots * g(n-3)$	$S(n-1,2) * g(2) * \dots * g(n-2)$	$UL(n-1,n) = S(n-1,2) * g(2) * \dots * g(n-1)$	$UL(n-1,n)-S(n-1,2)$
n	x	$S(n,1) * g(1)$...	$S(n,1) * g(1) * g(2) * \dots * g(n-3)$	$S(n,1) * g(1) * g(2) * \dots * g(n-2)$	$UL(n,n) = S(n,1) * g(1) * g(2) * \dots * g(n-1)$	$UL(n, n)-S(n,1)$

_____ бойынша орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервінің кестесі

сақтандыру сыныбы

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Кезеңдер бойынша шығындар резерві	Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар	Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар
	1	2	3
1			
2			
3			
...			
n-1			
n			
Жиынтығы			

Ескерту:

Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар кестесінде мыналар көрсетіледі:

"Кезеңдер бойынша шығындар резерві" бағанында - тиісті кезеңдердегі шығындар резервтерінің мәндері;

"Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар" бағанында - тиісті кезеңдердегі мәлімделген шығындар сомасы;

"Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар" бағанында - тиісті кезеңдегі "Кезеңдер бойынша шығындар резерві" және "Мәлімделген, бірақ реттелмеген

шығындар" бағандарының арасындағы айырмашылық. Теріс айырмашылық болған жағдайда "Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар" бағанында 0 (нөл) мәні қабылданады;

егер есеп төлемдерге негізделсе, онда ОМШР - бұл Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві кестесінің 3-бағанында көрсетілген орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар сомасы, егер есеп келтірілген шығындарға негізделсе, онда ОМШР - бұл кезеңдер бойынша шығындар резервінің сомасы болады.

Сақтандыру резервтерін
қалыптастыруға,
есептеу әдістемесіне және
олардың құрылымына
қойылатын талаптарға
10-қосымша

Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін тізбекті баспалдақ әдісі бойынша инфляцияға түзетумен есептеу Есепті кезең: 20__ жылғы " __ " _____ " жағдай бойынша

Нысан

_____ бойынша есепті күнге шығындар кестесі
сақтандыру сыныбы

Шығындар кестесі _____ шығындар негізінде құрылды
(төленген, келтірілген)

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Кезеңдер бойынша шығындар (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1						
2						x
3					x	x
...	x	x	x
n-1			x	x	x	x
n		x	x	x	x	x

Ескерту: есепті күндегі Шығындар кестесінде сақтандыру жағдайларының басталу кезеңдері бойынша топтастырылған төлемдер (төленген шығындар) немесе келтірілген шығындар көрсетіледі.

Әрбір өткен кезеңдегі инфляция бойынша ақпарат кестесі

Кезеңдер	Әрбір өткен кезеңдегі инфляция (пайызбен)
1	
2	
3	
...	

n-1	
n	

Ескерту: Әрбір өткен кезеңдегі инфляция бойынша ақпарат кестесінде сақтандыру жағдайларының басталу кезеңдеріне ресми инфляциялық мәндердің жинақталған мәндері көрсетіледі.

_____ бойынша әрбір өткен кезеңдегі инфляцияға түзетілген шығындар кестесі
сақтандыру сыныбы

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Әрбір өткен кезеңдегі инфляцияға түзетілген кезеңдер бойынша шығындар (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1						
2						x
3					x	x
...	x	x	x
n-1			x	x	x	x
n		x	x	x	x	x

_____ бойынша әрбір өткен кезеңдегі инфляцияға түзетілген жинақталған шығындар кестесі
сақтандыру сыныбы

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Әрбір өткен кезеңдегі инфляцияға түзетілген жинақталған шығындар (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1						
2						x
3					x	x
...	x	x	x
n-1			x	x	x	x
n		x	x	x	x	x

Шығындардың даму коэффициенттерінің кестесі g(j) _____
шығындардың даму әдісі (орташа арифметикалық, орташа n- кезеңдер үшін, орташа шамасы)

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Шығындардың даму факторлары (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1						
2						x

3					x	x
...	x	x	x
n-1			x	x	x	x
n		x	x	x	x	x
Шығындардың даму коэффициенттері $g(j)$						
$g(j)$	1	2	...	n-2	n-1	n
орташа арифметикалық						x
орташа n-кезеңдер үшін						x
орташа шамасы						x

_____ бойынша өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетілген шығындардың болжамды сақтандыру сыныбы жинақталуының кестесі

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетілген шығындардың болжамды жинақталуы					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1	x	x	...	x	x	x
2	x	x	...	x	x	
3	x	x	...	x		
...
n-1	x	x	...			
n	x					

_____ бойынша өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетілген шығындар резервінің кестесі сақтандыру сыныбы

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетілген шығындардың болжамды жинақталуы						Кезеңдер бойынша шығындар резерві
	1	2	...	n-2	n-1	n	
1	x	x	...	x	x	x	0
2	x	x	...	x	x		
3	x	x	...	x			
...
n-1	x	x	...				
n	x						
Өткен кезеңдердегі инфляцияға түзетілген шығындар резерві							

_____ бойынша орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервінің кестесі
сақтандыру сыныбы

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Кезеңдер бойынша шығындар резерві	Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар	Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар
	1	2	3
1	0		0
2			
3			
...			
n-1			
n			
Жиынтығы			

Ескерту: егер Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар кестесінде есеп төлемдерге негізделсе, онда ОМШР - бұл Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві кестесінің 3-бағанында көрсетілген орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар сомасы, егер есеп келтірілген шығындарға негізделген болса, онда ОМШР - бұл орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві кестесінің 1-бағанында көрсетілген кезеңдер бойынша шығындар резервінің сомасы;

"Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар" бағанында тиісті кезеңдегі "Кезеңдер бойынша шығындар резерві" және "Мәлімделген, бірақ реттелмеген шығындар" бағандарының арасындағы айырмашылық көрсетіледі. Теріс айырмашылық болған жағдайда "Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар" бағанында 0 (нөл) мәні қабылданады.

Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға 11-қосымша

Борнхьюттер-Фергюсон (Bornhuetter-Ferguson) әдісімен орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резервін есептеу Есепті кезең: 20__ жылғы "___" _____ жағдай бойынша

Ескерту. 11-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 12.09.2019 № 157 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Нысан

_____ бойынша есепті күнге шығындар кестесі
сақтандыру сыныбы
Шығындар кестесі _____ шығындар негізінде
қалыптастырылған

(төленген, келтірілген)

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Кезеңдер бойынша шығындар (j)					
Мерзімділік	1	2	...	n-2	n-1	n
1	X (1,1)	X (1,2)		X (1, n-2)	X (1, n-1)	X (1, n)
2	X (2,1)	X (2,2)		X (2, n-2)	X (2, n-1)	x
3					x	x
...	x	x	x
n-1	X (n-1,1)	X (n-1,2)	x	x	x	x
n	X (n,1)	x	x	x	x	x

Ескерту:

X (i,j) - i-кезеңде орын алған сақтандыру жағдайлары бойынша j-кезеңнің соңындағы төлемдер (төленген шығындар) немесе келтірілген шығындар;

n - шығындар туралы деректер қаралатын кезеңдердің саны;

есепті күндегі Шығындар кестесінде сақтандыру жағдайлары басталған кезеңдер бойынша топтастырылған төлемдер (төленген шығындар) немесе келтірілген шығындар көрсетіледі.

_____ бойынша жинақталған шығындар кестесі

сақтандыру сыныбы

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Жинақталған шығындар (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1	S(1,1)=X (1,1)	S(1,2) =X (1,1) + X (1,2)	...	S(1,n-2) =(X (1,1) + X (1,2)+ ... + X (1,n-2)	S(1,n-1) =(X (1,1) + X (1,2)+ ... + X (1,n-2) + X (1,n-1)	S(1,n) =X (1,1) + X (1,2)+... + X (1,n)
2	S(2,1)=X (2,1)	S(2,2) =X (2,1) + X (2,2)	...	S(2,n-2) =(X (2,1) + X (2,2)+... + X (2,n-2)	S(2,n-1) =X (2,1) + X (2,2)+ ... + X (2,n-2) + X (2,n-1)	x
3	S(3,1)=X (3,1)	S(3,2)= X (3,1) + X (3,2)	...	S(3,n-2) =(X (3,1) + X(3,2)+ ... + X (3,n-2)	x	x
...	x	x	x
n-1	S(n-1,1)=X (n-1,1)	S(n-1,2)= X (n-1,1) + X (n-1,2)	x	x	x	x
n	S(n,1)= X (n,1)	x	x	x	x	x

Ескерту: Жинақталған шығындар кестесінде жиынтықты төлемдер (төленген шығындар) немесе сақтандыру жағдайлары басталған кезеңдер бойынша топтастырылған келтірілген шығындар көрсетіледі.

Шығындардың даму коэффициенттері кестесі $g(j)$ _____

шығындарды дамыту әдісі (орташа арифметикалық, орташа n -кезеңдер, орташа шама)

Шығындардың басталу кезеңі (i)	Факторы развития убытков (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1			...			x
2			...		x	x
3			...	x	x	x
...	x	x	x
n-1			x	x	x	x
n	x	x	x	x	x	x
Шығындардың даму коэффициенті $g(j)$						
$g(j)$	1	2	...	n-2	n-1	n
орташа арифметикалық						x
орташа n -кезеңдер						x
орташа шама						x

Ескерту: Шығындардың даму коэффициенттері кестесінде бір ақы төлеу кезеңінен кейінгіге қарай мәлімденген шығындардың бірлескен шамасына сәйкес келетін шығындардың даму факторлары $F(i,j)$ мына формула бойынша анықталады:

Шығындардың даму факторлары $F(i,j) = S(i,j+1) / S(i,j)$.

Шығындардың даму коэффициенттері $g(j)$ шығындардың басталу кезеңдері бойынша шығындардың даму факторларының орташа мәні ретінде есептеледі.

Коэффициенттер кестесі

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Шығындардың даму коэффициенті $g(j)$	Шығындардың даму факторлары $f(j)$	Кешігу факторлары $h(j) = 1 - 1/f(j)$
1	1	1	$1 - 1/1$
2	$g(n-1)$	$1 * g(n-1)$	$1 - 1/(g(n-1))$
3	$g(n-2)$	$1 * g(n-1) * g(n-2)$	$1 - 1/(1 * g(n-1) * g(n-2))$
...
n-1	$g(2)$	$1 * g(n-1) * g(n-2) * \dots * g(2)$	$1 - 1/(1 * g(n-1) * g(n-2) * \dots * g(2))$

n	g(1)	$1 * g(n-1) * g(n-2) * \dots * g(2) * g(1)$	$1 - 1 / (1 * g(n-1) * g(n-2) * \dots * g(2) * g(1))$
---	------	---	---

Ескерту: Коэффициенттер кестесінде:

"Шығындардың даму коэффициенттері g(j)" бағанында - Шығындардың даму коэффициенттері кестесінде g(j) көрсетілген шығындардың даму коэффициенттерінің мәні;

"Шығындардың даму факторлары f (j)" бағанында - шығындардың даму коэффициенттерінің жинақталған мәні;

"Кешігу факторлары h(j)" бағанында - 1 - 1/f (j) тең мәндер көрсетіледі, мұнда f (j) даму факторы болып табылады.

Полистер бойынша шығындылық коэффициентін есептеу кестесі

Қаржы жылы (y)	Келтірілген шығындар	Еңбек сіңірілген сыйлықақылар	Полистер бойынша шығындылық коэффициенті
1	2	3	4
1	UL(1)	UP(1)	$U(1) = UL(1) / UP(1)$
2	UL(2)	UP(2)	$U(2) = UL(2) / UP(2)$
...
m-1	UL(m-1)	UP(m-1)	$U(m-1) = UL(m-1) / UP(m-1)$
m	UL(m)	UP(m)	$U(m) = UL(m) / UP(m)$

Ескерту:

Шығындылық коэффициентін есептеу кестесінде:

"Келтірілген шығындар" бағанында сақтандыру жағдайларының басталу кезеңінің алдындағы қаржы жылы күшіне енген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша шығындарды реттеу шығыстарын қоса алғанда, есепті күнгі жағдай бойынша келтірілген шығындардың мәндері көрсетіледі;

"Еңбек сіңірілген сыйлықақылар" бағанында сақтандыру жағдайларының басталу кезеңінің алдындағы қаржы жылы күшіне енген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша еңбек сіңірілген сыйлықақы көрсетіледі;

U шығындылық коэффициенті мынадай формула бойынша айқындалады:

$$U = [U(1) + U(2) + \dots + U(m)] / m, \text{ мұнда:}$$

U(m) - сақтандыру жағдайларының басталу кезеңінің алдындағы m-шы қаржы жылы үшін полистер бойынша тиісті қаржы жылы күшіне енген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша шығындарды реттеу шығыстарын қоса алғанда, келтірілген шығындар шамасының көрсетілген шарттар бойынша есепті күнгі еңбек сіңірілген сақтандыру сыйлықақыларына қатынасы ретінде есептелетін шығындылық коэффициенттері;

m - қаржы жылының саны.

Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві кестесі

					Орын алған, бірақ есепті		
--	--	--	--	--	--------------------------	--	--

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Еңбек сіңірілген сыйлықақылар	U шығындылық коэффициенті	Күтілетін түпкілікті шығындар z (i)	Кешігу факторлары h(j)	күнге төленбеген шығындар R(i)	Мәлімделген, бірақ есепті күнге реттелмеген шығындар	Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар
	1	2	$3=1*2$	4	$5=3*4$	6	$7=5-6$
1							
2							
3							
...							
n-1							
n							
Жиынтығы							

Ескерту: осы Нысанның орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві кестесінде:

"Еңбек сіңірілген сыйлықақылар" бағанында - сақтандыру ұйымының тиісті кезеңіндегі еңбек сіңірілген сыйлықақысы;

"U шығындылық коэффициенті" бағанында - осы Нысанның Полистер бойынша шығындылық коэффициентін есептеу кестесіне сәйкес полистер бойынша шығындылық коэффициенттерінің орташа мәнінен кем емес мөлшерін құрайтын шығындылық коэффициентінің мәні;

"Кешігу факторлары h(j)" бағанында - осы Нысанның Коэффициенттер кестесінде есептелген h(j) кешігу факторларының мәні;

егер Борнхьютер-Фергюсон әдісінің есептеуі төлемдерге негізделген болса, онда ОМШР - бұл орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар сомасы (осы Нысанның Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві кестесінің 7-бағаны), егер есептеу келтірілген шығындарға негізделген болса, онда ОМШР - бұл орын алған, бірақ есепті күнге төленбеген шығындар (осы Нысанның Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар резерві кестесінің 5-бағаны);

"Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар" бағанында - тиісті кезеңдегі "R(i) орын алған, бірақ есепті күнге төленбеген шығындар" және "Мәлімделген, бірақ есепті күнге реттелмеген шығындар" бағандары арасындағы айырма көрсетіледі. "Орын алған, бірақ мәлімделмеген шығындар" бағанында теріс айырма болған жағдайда, 0 (нөл) мәні қабылданады.

Қайта сақтандырушының үлесін шегере отырып, ОМШР есептегенде:

"Еңбек сіңірілген сыйлықақылар" бағанында тиісті кезеңіндегі қайта сақтандырушының үлесін шегере отырып, еңбек сіңірілген сыйлықақының мәні көрсетіледі;

"Кешігу факторлары $h(j)$ " бағанында қайта сақтандырушының үлесін шегере отырып, осы Нысанның Коэффициенттер кестесінде есептелген $h(j)$ кешігу факторларының мәні көрсетіледі.

Сақтандыру резервтерін
қалыптастыруға,
есептеу әдістемесіне және
олардың құрылымына
қойылатын талаптарға
12-қосымша

Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының келтірілген шығындар негізінде міндеттемелерін бөлу Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңдері бойынша топтастырылған жинақталған төлемдер шамасының (төленген шығындар) кестесі

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Кезеңдер бойынша жинақталған төленген шығындар (j)					
Мерзімділік	1	2	...	n-2	n-1	n
1	$X(1,1)$	$X(1,1) + X(1,2)$		$X(1,1) + \dots + X(1, n-2)$	$X(1,1) + \dots + X(1, n-2) + X(1, n-1)$	$X(1,1) + \dots + X(1, n-1) + X(1, n)$
2	$X(2,1)$	$X(2,1) + X(2,2)$		$X(2,1) + \dots + X(2, n-2)$	$X(2,1) + \dots + X(2, n-2) + X(2, n-1)$	x
3	$X(3,1)$	$X(3,1) + X(3,2)$...	$X(3,1) + \dots + X(3, n-2)$	x	x
...	x	x	x
n-1	$X(n-1,1)$	$X(n-1,1) + X(n-1,2)$	x	x	x	x
n	$X(n,1)$	x	x	x	x	x

$X(i,j)$ - i -ші кезеңде орын алған сақтандыру жағдайлары бойынша, j -ші кезеңнің соңындағы төлемдер (төленген шығындар).

Шығындардың әрбір пайда болу кезеңінің соңындағы жағдай бойынша топтастырылған мәлімделген реттелмеген шығындардың кестесі

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Кезеңдер бойынша мәлімделген реттелмеген шығындар (j)					
Мерзімділік	1	2	...	n-2	n-1	n
1	$Y(1,1)$	$Y(1,2)$		$Y(1, n-2)$	$Y(1, n-1)$	$Y(1, n)$
2	$Y(2,1)$	$Y(2,2)$		$Y(2, n-2)$	$Y(2, n-1)$	x
3	$Y(3,1)$	$Y(3,2)$...	$Y(3, n-2)$	x	x
...	x	x	x
n-1	$Y(n-1,1)$	$Y(n-1,2)$	x	x	x	x
n	$Y(n,1)$	x	x	x	x	x

$Y(i,j)$ - i -ші кезеңде орын алған сақтандыру жағдайлары бойынша j -ші кезеңнің соңындағы мәлімделген шығындар.

_____ келтірілген шығындар негізінде жинақталған шығындар кестесі

есепті күнге

Сақтандыру жағдайларының басталу кезеңі (i)	Келтірілген шығындар (j)					
	1	2	...	n-2	n-1	n
1	$X(1,1) + Y(1,1)$	$X(1,1) + X(1,2) + Y(1,2)$		$X(1,1) + \dots + X(1, n-2) + Y(1, n-2)$	$X(1,1) + \dots + X(1, n-2) + X(1, n-1) + Y(1, n-1)$	$X(1,1) + \dots + X(1, n-1) + X(1, n) + Y(1, n)$
2	$X(2,1) + Y(2,1)$	$X(2,1) + X(2,2) + Y(2,2)$		$X(2,1) + \dots + X(2, n-2) + Y(2, n-2)$	$X(2,1) + \dots + X(2, n-2) + X(2, n-1) + Y(2, n-1)$	x
3	$X(3,1) + Y(3,1)$	$X(3,1) + X(3,2) + Y(3,2)$...	$X(3,1) + \dots + X(3, n-2) + Y(3, n-2)$	x	x
...	x	x	x
n-1	$X(n-1,1) + Y(n-1,1)$	$X(n-1,1) + X(n-1,2) + Y(n-1,2)$	x	x	x	X
n	$X(n,1) + Y(n,1)$	x	x	x	X	X

Сақтандыру резервтерін қалыптастыруға, есептеу әдістемесіне және олардың құрылымына қойылатын талаптарға
13-қосымша

Зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру төлемдерін есептеу үшін өлім-жітім көрсеткіштері

Жасы	Ерлер	Әйелдер
25	0,0024481809	0,0006274238
26	0,0025943697	0,0006676971
27	0,0027233502	0,0007056074
28	0,0028425047	0,0007412992
29	0,0029577995	0,0007767228
30	0,0030798642	0,0008119244
31	0,0032114459	0,0008505828
32	0,0033612022	0,0008924813

33	0,0035291163	0,0009385639
34	0,0037197668	0,0009906002
35	0,0039348729	0,0010483273
36	0,0041784741	0,0011163161
37	0,0044493232	0,0011944894
38	0,0047483920	0,0012837138
39	0,0050708321	0,0013820340
40	0,0054208771	0,0014874267
41	0,0057993651	0,0016000204
42	0,0062130588	0,0017212900
43	0,0066625747	0,0018544187
44	0,0071474184	0,0020023703
45	0,0076680100	0,0021676861
46	0,0082244930	0,0023516809
47	0,0088216652	0,0025538640
48	0,0094584171	0,0027714017
49	0,0101280734	0,0030039882
50	0,0108212272	0,0032509632
51	0,0115228363	0,0035141552
52	0,0122233730	0,0037896536
53	0,0129133803	0,0040738105
54	0,0135955053	0,0043618174
55	0,0142859526	0,0046536866
56	0,0150084234	0,0049548709
57	0,0157948684	0,0052740418
58	0,0166676936	0,0056276768
59	0,0176400368	0,0060313270
60	0,0187181346	0,0065036410
61	0,0199037048	0,0070585173
62	0,0212196935	0,0077140411
63	0,0226839310	0,0084825984
64	0,0243147043	0,0093742669
65	0,0261183219	0,0103971349
66	0,0280940488	0,0115659366
67	0,0302425933	0,0129055099
68	0,0325700636	0,0144510322
69	0,0350858599	0,0162382933
70	0,0378016624	0,0182951136
71	0,0407143335	0,0206292088
72	0,0438107362	0,0232341066
73	0,0470696180	0,0260982484
74	0,0504811467	0,0292280131

75	0,0540616273	0,0326530238
76	0,0578665497	0,0364307871
77	0,0619843680	0,0406359180
78	0,0664916973	0,0453425305
79	0,0714740982	0,0506171641
80	0,0769774599	0,0565051459
81	0,0830319346	0,0630317637
82	0,0896147271	0,0702018558
83	0,0966845108	0,0779949274
84	0,1042579696	0,0864008004
85	0,1122879396	0,0954219949
86	0,1207280202	0,1050267964
87	0,1295129290	0,1151705866
88	0,1385844507	0,1258039246
89	0,1481204333	0,1369032122
90	0,1582202894	0,1485338001
91	0,1691737115	0,1610224830
92	0,1809266576	0,1738000217
93	0,1934419461	0,1871487399
94	0,2065024009	0,2007375293
95	0,2203274393	0,2150498902
96	0,2350011690	0,2300562069
97	0,2507578103	0,2455860090
98	0,2673864944	0,2613597427
99	0,2847965003	0,2771617489
100	0,3046228561	0,2955023955
101	0,3275264532	0,3170455227
102	0,3549860330	0,3437003847
103	0,3868036658	0,3745180950
104	0,4235753219	0,4101464523
105	0,4660173959	0,4516534218
106	0,5147843396	0,5000418052
107	0,5634808009	0,5490524338
108	0,6239580347	0,6110982356
109	0,7883509815	0,7810056771
110	1,0000000000	1,0000000000